

С.Д. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық

Медицина Университеті.

Саясат және денсаулық сақтауды басқару кафедрасы

**Тақырып: .Артериялық гипертензиядан жүрек
ишемиясының арту себебі, пайда болуы.**

Орындаған: **Алімбек Г**

Жумагазиева Ж

Алматов Е

Құрбанбеков Н

Факультет: **ЖМ**

Курс: **III** Топ: **07-034**

Қабылдаған: **м.ғ.к.,**

Даришева М.А

ЖОСТАР:

I Кіріспе

Жүрек ишемиясы қандай ауру?

Жұмыстың мақсаты

II Негізгі бөлім:

- Артериялық гипертензия анықтамасы
- Артериялық гипертензияның даму себептері, нәтижелері
- Артериялық гипертензиядан жүрек ишемиясының пайда болу себебі
- Этиологиясы
- Жүрек ишемиясының қауіптілігі мен нәтижелері
- Интернетте осы тақырып бойынша жұмыс жүргізу

III Қорытынды

IV Пайдаланылған әдебиеттер

V Мазмұны

Жұмыстың мақсаты:

- Қазіргі таңда дүние жүзінде кең таралған аурулардың бірі – артериялық гипертензия салдарынан жүрек ишемиясының пайда болу себептеріне түсініктеме бере отырып, халықты ақпараттандыру.

Кіріспе

- Жүректің ишемиялық ауруы – деп жүректің тәждік артериясындағы қан айналуының бұзылуына байланысты дамидын жүректегі ишемиялық өзгерістерді түсінеміз. ЖИА халық арасында өте көп таралғандықтан 1965 жылдан бастап БДҰ шешімі бойынша жеке ауру ретінде қарала бастады, бұрын ол атеросклероз бен артериялық гипертониядан жүректік түрі деп есептеді.

Артериялық гипертензия

- Артериялық гипертензия деп қан қысымының ұзақ уақыт өте жоғары болуымен сиппаталатын, жеке бір ағзалар патологиясымен байланыссыз дамидын сыртқатты түсінеміз, сол үшін оны эссенциальды гипертензия деп атайды.

Артериялық гипертензияның даму себептері мен нәтижелері

- Г. Ф. Лангтың пікірі бойынша артериялық гипертензия қан қысымын реттеуші орталық нерв жүйесі, гипоталамус аймағы қызметінің бұзылуына байланысты. Адам өмірін үрей, қорқыныш сезімдері билегенде, қайғы басқанда бұл ауру өршиді. Адам организмінің осы ауруға туа біткен бейімділігі (гендік ақаулар), жұмыс жағдайының қолайсыздығы (мүмкіншілігінен тыс жұмыс істеу, әрекетсіздік, айқай-шу), бас сүйегінің жарақаттары, тамақпен ас тұзын көп пайдалану себепші болады.

Артериялық гипертензияның нәтижелері

- Атеросклероз
- Қызыл инфаркт
- Бүйрек атрофиясы
- Жүрек жетіспеушілігі
- Гипертонивті энцефалопатия
- Стенокардия
- Кардиосклероз
- Миокард инфаркты
- Инсульт

Артериялық гипертензиядан жүрек ишемиясының пайда болу себептері

- **ЖИА** пайда болуына әсер ететін факторлар:
- Шылым шегу
- Артериялық гипертензия
- Гиперхолестеринемия
- Гендік ауытқулар
- Гиподинамия
- Бүйрек жетіспеушілігі
- Семіздік
- Қантты диабеттің 2 формасы
- Стресс
- Жүрек артерияларының тромбозы, эмболиясы
- Артериялардың ұзаққа созылған спазмы
- Жүрек қан тамырларының компрессиясы

Артериялық гипертензиядан жүрек ишемиясының пайда болу себебі

Артериялық гипертензияда қан қысымы үнемі жоғары болғандықтан негізгі күш жүрекке түседі. Бастапқыда жүрек бұған бейімделіп, гипертрофияланады, бірақ аса жоғары және ұзақ уақытқа созылған гипертензияда жүрек әлсіреп, оның гипертрофиясы жүрек қарыншасының қабырғасы қалыңдап, ішкі қуысы тарылуынан, кейін олардың созылып кеңеюіне әкеледі. Содан жүрек жетіспеушілігі дамиды.

- Артериялық гипертензия және ЖИА арасындағы байланысты анықтау үшін бір топ Ресей дәрігерлері зерттеу жұмыстарын жүргізген. Бұл зерттеуге 18-65 жас аралығындағы ерлер мен әйелдер қатысқан. АГ ауыратын 8257 науқас, соның ішінде 3615 (42.1% ерлер) 4963 (57.9 әйелдер) анықталды. Зерттеу нәтижелері: 74.5% ерлерде және 61.2% әйелдерде миокард инфаркты, стенокардия, ЖИА, аритмия бейімділік байқалды.

	Қан айналым жүйесінің аурулар									
	Барлығы		олардың ішінде әйелдер		18&		15-17		0-14	
	2007	2008	2007	2008	2007	2008	2007	2008	2007	2008
Қазақстан Республикасы	1906.6	2170.5	1940.6	2227.4	2443.6	2812.8	1304.3	1296.3	477.0	489.3
Ақмола	1997.5	1952.3	2052.2	2051.8	2482.0	2443.6	1316.9	1070.4	564.8	510.8
Ақтөбе	1973.7	2060.9	2122.4	2287.8	2511.6	2614.4	1226.0	1331.6	651.2	668.9
Алматы	2853.9	3247.6	3031.5	3649.8	3879.7	4416.8	1606.5	1030.3	268.8	452.1
Атырау	1479.4	2091.3	1350.6	2379.7	2117.9	3052.7	763.4	802.8	175.3	158.2
Ш.Қазақстан	1707.2	1918.1	1713.0	1980.5	2014.3	2253.8	1348.3	1659.0	620.2	681.5
Жамбыл	2054.3	2516.9	2186.4	2647.7	2835.7	3548.5	1214.3	1173.9	416.1	411.6
Б.Қазақстан	1453.4	1508.3	1515.6	1563.7	1791.0	1862.7	1172.0	1224.9	443.3	426.7
Қарағанды	1579.7	1495.9	1507.0	1469.4	1869.1	1678.8	1375.0	1786.3	586.6	758.3
Қостанай	1292.5	1494.8	1218.9	1241.4	1512.5	1747.9	1589.0	1571.8	330.8	443.0
Қызылорда	2672.4	2802.6	2527.6	2870.8	4022.8	4191.2	1294.3	1229.2	272.1	348.6
Маңғыстау	1747.8	1712.7	1946.5	2089.6	2604.2	2524.9	1088.7	1066.5	74.9	130.8
Павлодар	1831.0	1690.1	1843.6	1656.5	2041.7	1908.1	1928.2	1714.0	981.9	830.6
С.Қазақстан	1484.9	2344.3	1482.4	2352.0	1677.8	2766.1	874.3	1147.5	905.6	1002.6
О.Қазақстан	2008.4	2128.3	2101.9	2067.0	3140.4	3366.5	772.3	756.7	168.9	118.3
Алматы қ.ә.	1695.8	2601.4	1694.7	2489.6	1868.6	3108.3	1788.7	1913.5	977.1	757.4
Астана қ.ә.	1743.8	2125.6	1783.9	2214.8	1713.2	2241.4	2704.8	2997.7	1686.7	1484.1

Жүрек ишемиясының қауіптілігі мен нәтижелері

- Қазақстандағы жүрек қан тамырларының сатистикасының болжамдары мәз емес: 100000 адам ішінде миокард инфарктысынен жыл сайын 330 ер адам және 154 әйел адам, инсульттен 204 ер адам және 351 әйел адам қайтыс болады. Солардың ішінде ЖИА қайтыс болатындар саны 57% құрайды.

Артериялық гипертензияны төмендету арқылы ЖИА алдын алу шаралары:

- Артық салмақтан арылу
- Холестерин, қант, триглицеридтердің қандағы мөлшерін азайту
- Салауатты өмір салтын жүргізу
- Рационалды тамақтану
- Дәрігерге жиі қаралу

Интернеттен пайдалану

- Интернеттен пайдалану алдынан жұмыстың жоспарын, мақсатын құрып алып, керекті ағылшын және орыс тіліндегі сайттардан іздеу керек.
- www.google.kz сайтынан іздегенде, кең көлемдегі бір неше мәліметтер шықты, 39 мәлімет шықты, кейін, олардың арасынан ҚР ДС Министрлігінің сайтынан статистика мәліметтерінен керекті мәліметтерді алдық. Осы сайттан АГ және ЖИА қауіптілігі туралы мәлімет алдық. Шыққан мәліметтер ішінен 12 шақтысы тақырыпқа сай, мағыналы болды. Қалған мәліметтер сәйкессіз болып шықты.
- www.yandex.ru Бұл Ресейдің сайтынан орысша мәліметтерден АГ мен ЖИА себептері туралы іздегенде, бізге алдымен 65 мәлімет шықты, одан кейін біз олардың ішінен өзімізге зерттелетін мәліметке керектісін, мағыналы, нақтыларын таңдап алдық, сонда 20 шақты мәліметтерден таңдап алдық.
- PubMed.com- ке кіргенде бізге өте көп мәліметтер 213000 шақтысы шықты, оның бәрін қарап үлгеру мүмкін емес әрине, одан кейін біз, Limites арқылы деп керектісін алдық. Онда ол жерде бізге 20 шақты мәлімет шықты. Бірақ ол жерде бәрі резюме ретінде, яғни өте қысқа көріністе болды. Бірақ негізгі мәліметтер табылды.
- Қорытынды ретінде айтқанда, статистика мәліметтерін қазақ тіліндегі сайттардан, АГ және ЖИА туралы мәліметтердің нақтыларын орыс тіліндегі сайттардан алдық. PubMed тен болса ағылшын тіліндегі, қазіргі кездегі ЖИА ауруының қауіптілігі туралы және алдын-алу шаралары жөнінде мәлімет алдық және оны әуелі орыс тіліне, кейін қазақ тіліне аудардық.

Қорытынды

- Қазір әлемде халықтар арасында жүректің ишемиялық аурулары кең таралған, бұл сияқты аурулар өзінің қауіптілігімен халық санын азайтуда. Жүректің ишемиялық ауруының алдын алу үшін артериялық гипертензияны бақылау, оны дер кезінде төмендету, ЖИА-ны болдырмау не тоқтатудың бір жолы.

Пайдаланылған әдебиеттер

- Жауғашты Ахметов «Патологиялық анатомия» 2008ж. 62-бет
- Әділман Нұрмұхамбетұлы «Патофизиология» 2007ж. 120-123беттер, 133-135 беттер
- www.google.kz / Медициналық ақпарат сайты
- www.yandex.ru/ Причины заболевания артериального давления. Причины ишемии сердца и их последствия.
- PubMed.com

Мазмұны

■ Жоспар:	2
■ Жұмыстың мақсаты	3
■ I Кіріспе: Жүрек ишемиясының анықтамасы	4
■ II Негізгі бөлім:	5
■ Артериялық гипертензия анықтамасы	
■ Артериялық гипертензияның даму себептері, нәтижелері	6-7
■ Артериялық гипертензиядан жүрек ишемиясының пайда болу себебі	
■ Этиологиясы	8-11
■ Жүрек ишемиясының қауіптілігі мен нәтижелері	12-13
■ Интернетте осы тақырып бойынша жұмыс жүргізу	14
III Қорытынды	
15	
IV Пайдаланылған әдебиеттер	
16	

Назар аударғандарыңызға
рахмет!

